

тартты. Қазақ елінің жаңалығына бірінші болып қуанатын Түрік жұртшылығы адамзатқа үлгі болар *өнегелі өмір иесі* – Ахмет Байтұрсынұлына арналған салтанат шымылдығын алғашқылардың бірегейі болып ашты.

Ал, өз атамекенімізде Ақпанның 25-і күні *Алаш Ардақтысын* ұлықтау рәсімі Елорда төрінде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «*Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі*» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында бастау алды. Алаштанушы ғалымдардың басын қосқан ұлы жиынды Мемлекет хатшысы Е. Қарин құттықтау сөзбен ашып, республика көлемінде аталуы тиіс мерекелік жиынның ноктасы түрілді. Ұлы ағартушының салтанатына арнайы жасақталған «*Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы әдеби музейі*» көшпелі көрмесінің құнды жәдігерлері жұртшылықтың көзайымына айналды. Ұлы жиын Алаш көсемінің атын иеленіп отырған Қостанай өңірлік университетінде жалғасын тапты. Облыс әкімі А. Мұхамбетов тұлға туған өлкеде кеменгердің мерекесі қарсаңында атқарылатын ісшаралармен таныстырды. Жиын соңы ғалым мұрасын танытуға қосқан үлесі үшін еңбегі елеулі ғалымдарды А.Байтұрсынұлы құрмет медалімен марапаттауға ұласты.

Жыл жаршысы – Амал мерекесі Наурыздың 14-і күні Халықаралық Түркі академиясы тұғырлы тұлғаларымыз: А. Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен М.Әуезовтің 125 жылдығына орай, Ұлттық кітапханада «*Ұлылар үндестігі*» атты алқалы жиын өткізді. Басқосуда академия тарапынан шығарылған «*Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш*» атты жинақтың тұсаукесері болды. Жинаққа тұлға замандастары мен кейінгі буын өкілдері, сонымен қатар қазіргі кезең зерттеушілерінің мақалалары топтастырылған. Бұл жинақтың ерекшелігі – ағылшын, чех тіліндегі нұсқалары Түркі академиясы мен ҚР-ның Чехиядағы елшілігімен бірлесіп жарық көрген.

Ақиқатында, әр дәуірдің заман илеуіне қарай, адам баласына жүктер жұмысы көп. Жұрт жұмысының атқарылуы – әуелі, адалдықтан бастау алса, адамзат игілігіне айналары анық. Ата-баба жолын мұрат тұтқан Алаш ақиығының ұстанымын ұлт мұратына айналдыруға мүдделіміз. Бұл күні Ұлт ұстазының мұрасын зерделеген зерттеулер көп. Ендеше, оқу-ағарту саласындағы білім беру ісінде Ахмет Байтұрсынұлының бас оқулықтарын негізгі ПӘН көзіне айналдыру – маңызды. Ал, өркениетке ұлттық болмыспен ену – дербес мемлекет болуымыздың тетігі.

Алаш мұрасын заманауи форматқа салып, жаңа үлгіде оқыту – бүгінгі тәуелсіздік кезең ғылымының қалауындағы қажеттілік. Алаш мұрасы һәм ахметтану мәселесіндегі қордаланған материалдарды ұрпақ тәрбиесіне жаратпау – ғылым саласында жүрген сіз бен бізге сын.

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ — СЕЙІТБАТТАЛ МҰСТАФИННИҢ РУХАНИ МҰРАСЫ**

*Капышев А.К., т.ғ.к.,*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті,  
Садуақас Б.Б., Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі  
Көкшетау қаласы, Қазақстан*

Қазақстанда Ахмет Байтұрсынов Ұлт мұғалімі – «Ұлт ұстазы» ретінде құрметке ие. Қазақ халқының көрнекті ағартушысы Ахмет Байтұрсынов қазақтардың ұлттық мүдделері мен жақсы өмір сүру армандаған, олардың білімін арттыра отырып, ауыр сынақтардан өтті. Ағартушының мерейтойы ЮНЕСКО қамқорлығымен атап өтіледі. Ахмет Байтұрсыновтың мерейтойын осы ұйымның атаулы күндерінің халықаралық күнтізбесіне енгізу осы ұлы адамның әлемдік мәдениет үшін маңыздылығын дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері, тарихтағы ұлы тұлға. Ол өз өмірін білім мен ғылымды дамытуға арнады.

Ахмет Байтұрсыновтың мұрасын зерделеуді жалпыұлттық ауқымда және оның әріптестерімен тығыз байланыста қарастыру қажет, өйткені олар бір міндетті – бүкіл қазақтарының өмірін жақсартуды шешуге тырысқан.

Биыл Ақмола облысы мен Көкшетау қаласында Ахмет Байтұрсыновтың және «Алаш» қозғалысының басқа да қайраткерлерінің шығармашылығын дәріптеу үшін түрлі форматтағы бірқатар мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілуде. Қазіргі уақытта өңірде Ахмет Байтұрсыновтың есімін 22 көше және Степногорск қаласындағы мектеп алып жүр. Биыл ғалымның есімі Көкшетау жоғары техникалық колледжіне және екі аудандағы екі жалпы білім беретін мектепке берілді.

Ахмет Байтұрсыновтың қызметіне Көкшетауға тікелей қатысы бар. 1902-1904 жылдары Омбыда халық училищесі дирекциясының іс жүргізушісі болып жұмыс істеді. Архивтерде Көкшетау уезінің ауылдық мектептеріне мұғалімдерді тағайындау туралы қолтаңбасы бар құжаттар сақталған, яғни ол аймақты ағартуға тікелей қатысқан.

Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және басқа Алаш арыстарының қатарында ел үшін жанңын берген Көкшетау өңірінен шыққан Алаш қайраткері, ағартушы - ұстаз, ақын, жазушы, аудармашы, алаш мұғаліміне атақ болған Сейітбаттал Мұстафин (1892-1937).

Ақмола облыстық тарихи - өлкетану музейінің «Көкшетау мен Ақмола XX ғасырда» Қазақстан тарихы залында Сейітбаттал Мұстафинге арналған экспозиция қойылған. Құжаттар мен фотосуреттерді Ақмола облыстық мұражайына С.Мұстафиннің қызы Нәдия Батталқызы 2008 жылы сыйға тартты.

Биыл 2022 Сейітбаттал Мұстафиннің туғанына 130 жыл толып жатыр. Ал қайраткердің Алматы қаласында тұрған тікелей ұрпағы, жалғыз қызы, сталиндік қуғын - сүргін, ашаршылық, соғысты көрген қазақтың қайратты қызы, Нәдия апамыз 2021 жылы өмірден өтті. Төменде Ақмола облысы мемлекеттік мұрағатының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің мұрағат қорларынан алған мәліметтер берілген.

Ғұмыры шуақты да қысқа болғанымен, С. Мұстафиннің кейінгі ұрпаққа өшпестей мұра қалдырған тұлға.

Сейітбаттал Мұстафин 1892 жылы Көкшетау өңірінің Еңбекшілер болысына қарасты нөмір үшінші ауылда дүниеге келген. Сол кезде ауыл құрамында отыз шақты қыстау болған.

1908-1913 жылдары аралығында 16 жастағы Сейітбаттал Түркияның Ыстамбұл шаһарындағы Мұғалімдер семинариясында оқыған. Нәдия Сейітбатталқызы өзінің хатында: *«Сүйікті әкем Сейітбаттал Түркияға білім аламын деп 16 жасында жалғыз кеткен екен. Содан Ыстамбұлда 5 жыл оқып білім алған. Сол уақытта «Ыстамбұлға саяхат» атты өлең жазыпты. Ол өлең «Айқап» журналында басылып шыққан (1913 ж.). Кішкентай болсам да сол өлеңді оқып, әкемнің Түркия халқына деген құрметі мен сүйіспеншілігін сездім. «Түркия халқы мені құшағын жайып қарсы алды» деген өлеңдегі әкемні сөздері менің есімде қалыпты. Сол елден алған білімін жастармен бөлісуден менің әкем бас тартпай еңбек еткен.* <https://qazaqadebieti.kz/32261/alash-aspanyny-sho-zh-ldyzdary>

Сейітбаттал Мұстафиннің ұстаздығы бір төбе. 1913 жылы Мұғалімдер семинариясын бітіріп шыққаннан кейін Семей қаласында ұстаздық қызметін бастайды. Нәдия Батталқызының айтуынша: *«Өз кезеңінің озық ойлы, білімді азаматы болған Сейітбаттал Қазақстанның өркениетті іргелі елге айналуы үшін ең алдымен оқу-білім қажет екендігін терең түсінген. Ол мектепте қазақ тілі, педагогика, физика пәндерінен сабақ берген»* [1]. Балаларды оқытқанда ол бар білген-түйгенін, оқыған-тоқығанын аямаған азамат болыпты. Сонда, өз ісіне берілгені соншалық, тамақ та ішпей, кештің қалай батқанын да аңғармай қалады екен. Кейін сол кісінің алдын көрген өскелең ұрпақ бір-бір тау тұлғаға айналды. Семей қаласының мұрағатында С. Мұстафин Қазақ мұғалімдер одағының төрағасы болған деген дерек бар.

1918 жылдан бастап Сейітбаттал Мұстафин Алашорда астанасы болған Семей қаласында «Жанар» жастар алаштық ұйымының мүшесі, Алаш ұлттық педагогикалық курстарының оқытушысы болды. Алашорда үкіметі басшылардың бұйрығымен қазақ жастарын Алашорда әскерлері қатарына дайындады [2]. Осындай істермен Көкшетау өңірінде де айналысқан.

Сейітбаттал Мұстафин қоғамдық - әлеуметтік жұмыстарға да белсене қатысқан адам. Ол Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарысқан. Жай шығарушылардың бірі ғана емес, сонымен қатар, оның белсенді авторы болған. Мәселен, журналдың 1918 жылғы № 4 санында «Қалай көндіру керек?» деген педагогикалық мақаласы басылған. Сонымен бірге, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жұмысына да белсене атсалысады. Бұған оның осы басылымдарда жарық көрген «Стамбұлға саяхат», «Көшу турасында», «Бұрынғыны айтпай соңғы еске түспейді», «Қалың малдан пайда бола ма?» – деген еңбектері дәлел [3].

Сейітбаттал Түркиядағы Стамбұл қаласында оқып жүргенде, «Көшу турасында» атты мақаласын жазған еді. Алғашқы мақалаларының бірі саналатын бұл еңбек 1913 жылы «Айқап» журналының №4-5 санында «Сейітбаттал Аманқұли» лақабымен жарияланған. Онда *«Кейбір жерлерде біздің қазақ халқының ата-қонысын тастап, алысқа көшеміз дегендері естілді. Бұл туралы бір - екі көрген, естіген ақпаратты халдерді жазғым келеді. ...Оқудан босап, елге қайтып барғанымда бұлардың бірсытырасына параходта, станцияларда жолығып жән-жобаларын сұрап едім. Бұлар: «Біз көшеміз деп үлкен қате іс істедік. Жәннат сияқты жерімізді қолдан шығардық». Ойлап қараңыз, шаһарда тұрып, шаһарда өскен, ойды-қырды көрген, һәр түрлі тіршілікке көнген ноғайлардың көшкен уақытта халі мынау. Жалғыз мал бағып, шөп шауып, отын жинағаннан басқа бір нәрсе көрмеген қазақтар көшетін болса, бастарына қандай халалар келетұғынын һәркім білсе керек [4]. Онда солай болған уақытында кіндігімізді кесіп, көзімізді жұған, қалмақтан қан төгіп алған жерімізді һәм ата-бабаларымыздың зиратын басқа жұрттың ішіне тастап «көшеміз» дегендер дүниеде әйелдер -балаларының көз жасына, қазақ халқының жоғалуына себеп болар деп ойлаймын», – деген екен.*

«Қалай көндіру керек?» мақаласында тәрбие жайындағы мәселе педагогикалық тұрғыдан қарастырылған. Мұнда «Алаш» мұғалімі Сейітбаттал Мұстафин былай деп жазған: *«Тәрбие ғылымының тексеретін мәселелерінің бірі – баланы қалай ұстай жәйі. Баланы тар соқпақпен қысып ұстап, сарбазша не қылса зорлап мойын ұсындыру керек пе, я болмаса мүлде баланың өз еркіне қоя беру керек пе? Немесе қысып та ұстамай, өз еркіне де жібермей, ортадан бір жол тұтыну лайық па? Ескі жолмен тәрбие қылушылардың пікірі – балаға қатты тыю салып һеш уақытта өз еркіне жібермей, теріс ісіне ылғи жаза салып отыру керек дейді. Әр кез бала осы жолмен тәрбие қылынса бұзақылық мінезіне, жүріс тұрысына тоқтау салса, рух сипаттары қуаттанып, ақыл мінезі түзеледі. Бұл пікір бір жағынан теріс сияқты да емес. Себебі бала буыны қатып, бойы өспеген, ақылы ержетпеген уақытта тіпті өз еркіне қоя берілсе, ол бала, тентек, бұзақы болып рух қуатты өспей, далдұқ-дұлдық, жаңғалақ жеңіл ойлы болатыны да рас. Бірақ бұл таршылық жолмен ұстаудан үлкен залалдар шығады. Бала ылғи қысымшылық көріп, өз бетімен ешбір нәрсе істей алмайтындығына, істеген ісіне ылғи жапа көретіндігіне көзі жетсе, бойдағы мағнауи қуаты сынады. Олай болса, еш нәрсені басқарып істей алмайды. Ойлай алмайды. Баладан табандылық, талаптылық, жігер сөнеді, өзінің үздік қасиетін жояды. Сондықтан балаға қай жолмен болсын еркіндік беру керек. Бірақ балаға еркіндік берген уақытта ескеретін бір мәселе бар. Ол мынау: баланың араласып тіршілік қылатын өскен орта замандас, неше түрлі адамдар болады. «Баланы – жастан» деген мысал бар. Хош, олай ету, былай ету керек дедік, осы айтылғанның бәрін балаға ылғи айтып, ұғындыру мүмкін бе? Жас бала терең сөзіне, себебіне, дәлеліне түсіне ме? Бала жалғыз-ақ: «Өйтпе, жаман болады, обал» дегенді ұғынады. ...Бала айтқанды ұқпайды, көргенді електейді. Ендеше балаға жақсы тәрбие беру үшін әуелі тәрбиеші (ата-ана, мұғалім, замандас) өзін түзеу керек. Қазақтың: «Үлгісі жаман,*

*көргені жаман» дейтіні бала көргенінен гана тәлім алатындықтан айтылған тәжірибе. «Естігені жаман, айтқаны жаман» деп да айтпапты» [5].*

Сол жылдары Сейітбаттал Мұстафинның: «Имам Ғазали», «Архимедтің өнері» т.б. мақалалары «Абай» басылымда жарияланған.

С. Мұстафиннің тағы бір еңбегі – қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін, әсіресе, Төле би, Қали би, Орынбай, Өскен, Шортанбай сияқты ірі шайырлардың өлең-жырларын, өсиет сөздерін, қолжазбаларын жинастырған. Осыған байланысты деректер көрнекті өлкетанушы Қарта Қаңтарбаев өзінің «Көкше-Бурабайдың тарихы туралы» қолжазбасында қалдырған екен: «Көкшенің баурайындағы ақын-әншілерді айтарда, Біржан сал Қожағұлұлын бірінші ауызға аламыз, өйткені осы маңда Біржан ақын-әншілердің ағасы болған секілді, әнші Байғожаның Бекахметі, күйші, өлеңші Сарының Шаңғожасы Біржанды «ұстаз-ағамыз» деп айтқан бірнеше аңыздар бар. Екінші – Атығайдың тума ұлдары, майталман жорғасы, айыр көмей ақындары: Тезекбай, Әліш ақын, тағы басқалар. Әліш ақын ертеде Шернияз бен Баймағамбет сұлтанды айтыстырып, өлең етіп, оны Сейітбаттал Мұстафин бастырып шығарған» [6].

Сейітбаттал Мұстафин 1922-1925 жылдары Көкшетау қаласында халыққа білім беру бөлімінде қызмет атқарады. Бұл жайлы деректер Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған.

Сонымен қатар, С. Мұстафинмен бірге қызмет еткен көкшетаулықтар: қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың немере інісі Ыдырыс Уәлиханов, Көкшетау қаласының тұңғыш мұғалімдерінің бірі Нұрмұхаммед Көшімов, «Алаш» қозғалысының қайраткері, Көкшетау уездік халыққа білім беру басқармасы Қазақ бөлімінің төрағасы Біләл Малдыбаев, ол 1917 жылы Қызылжар (Петропавл) қаласында «Алаш» комитетінің хатшысы болып, Сейітбаттал Мұстафинмен жақын араласқан.

1925 - 1930 жылдары Сейітбаттал Мұстафин Қызылжар қаласындағы Педагогикалық техникумда ұстаздық етті. «Осы тұста ол қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевпен етене танысып, пікірлес болды. Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Серкебай Бекмұхамедов, тағы басқа атақты тұлғаларымен араласты. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ғалым Есмағамбет Ысмайылов, драматург Шахмет Құсайынов және басқалар С.Мұстафиннан сабақ алған қайраткерлер» [7].

Бұдан әрі 1930 - 1932 жылдар аралығында туған жері Казгородокта (төл атауы Жанқұс) мұғалімдік қызмет атқарды. 1929-1933 жылдары Сейітбаттал Мұстафин кеңес үкіметінің ұжымдастыру науқанына қарсылығын білдірді.

1937 жылы 25 сәуір күні Степняк қаласында тұтқынға алынды. Қызылжар қаласында оған сол жылы 13 қыркүйекте «халық жауы», «Алаш партиясының мүшесі, әрі үгітшісі» деген айып тағылып, «үштіктің» шешімімен қыркүйекте атылды.

Нәдия Батталқызының айтуынша, Сейітбаттал Мұстафин түріктің «Көксанжақ» атты романын қазақ тіліне аударған. 1937 жылы ұсталғанда Ішкі істер халық комиссариатының агенттері (НКВД) қолжазбасын алып кетіп, жоқ қылған. Тұтқынға алған кезде алынған заттар: Сейітбаттал Мұстафинның жеке құжаттары, Түркиядағы Ыстамбұл қаласында 1913 жылы бітірген Мұғалімдік семинарияның аттестаты, француз тілінен түрік тіліне аударған «Аюэн - Қажын» романы, қазақ тілінде жазылған «Көксанжақ» қолжазбасы мен басқа шығармалары, Төле би нақыл сөздерімен қолжазбалары, Уәхит жазушының шығармасы, суырып - салма ақындар Орынбай мен Шортанбайдың айтыс шығармалары, т.б. [8]. ҚР Ғылым Академиясының сирек қорында тек екі кітап табылды, олар: Қазан мен Ташкент қаласында басылып шыққан «Шернияз» хикаясы мен «Зуфнун» романы болған.

1958 жылы 28 желтоқсанда Көкшетау облыстық соты Сейітбаттал Мұстафинді күнәсіз деп тауып, ақтады. Тамаша дарын иесі, біртуар азамат небәрі 45 жасында өмірден өтті. Оның ғұмыры қысқа болды, бірақ, кейінгі ұрпаққа сәуле шашып тұратындай жарқын да өнегелі екені күмәнсіз.

Сейітбаттал Мұстафиннің сүйікті жары Үміт Аипова Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген көрнекті заңгер, Алашорда партиясын құрушылардың бірі Райымжан Марсековтың немере қарындасы, әкесі Айып та Алашорда мүшесі болған әрі Райымжанның ағасы еді. Үміт орыстың әйелдер гимназиясын бітірген жоғары сауатты ұстаз болды. Алайда жолдасын «халық жауы» ретінде ұстап әкеткеннен кейін Үміттің де басына қара бұлт орнап еді. Қызметінен қуылды. Жалғыз қызы Нәдияны арқалап әр жерде үзіп-жұлып дегендей еңбек етті, көзгүткі болып көп қорлық көрді <https://e-history.kz/kz/news/show/32624/>.

Нәдия апамыздың айтуынша, әкесі керемет жан болған екен. Бірде ата - анасының алақанындағы кішкентай Нәдия сырқаттанып, төсек тартып жатып қалса керек. Сөйтіп, ол есін жиып, көзін ашып жан-жағына қараса, қарсы алдында қатты уайым шегіп, қайғыға батып, көзінен жас парлап отырған әкесін көреді. Қызының сауыққанын көріп көңілденген қайран әке, ерекше қуанып толқыған екен. *«Әкемнің сол сәттегі бет - бейнесі әлі күнге көз алдынан кетпейді»*, – дейген Нәдия апай.

Біздіңше, қазақтың қазақ болып қалуы үшін халыққа еңбек еткен кісілер мейлінше еленуі қажет. Осы ретте Қазақстан тарихында терең із қалған дара тұлға Сейітбаттал атамыз адал азаматтарды қазақ жұрты танып, білуге тиіс деген ұстанымдамыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Батталқызы Н. «Әке туралы сөз». СҚО әкімшілігі, СКМУ. Петропавловск. 2002 ж.
2. ҰҚК Ақмола облысы бойынша департаментінің мұрағаты. 2007 ж.
3. Ақмола облыстық музей қорындағы құжат. НТҚ 17261/1. Көкшетау қаласы.
4. Мұстафин С. «Көшу турасында» //Айқап, 1913 ж. № 4-5.НТҚ 17261/2.
5. Мұстафин С. «Қалай көндіру керек?» //Абай, 1918 ж. НТҚ 17261/3.
6. Қантарбаев Қ. «Көкше-Бурабайдың тарихы». Қолжазба. 1968; «Шернияз ақын». Басқармадан. 1925 ж. АОТӨМ-нің қоры. 2008 ж: Ақмола облыстық мемлекет мұрағаты.146 қор, 1 тіз. 63 іс. Көкшетау.
7. Батталқызы Н. «Сейітбаттал Мұстафаұлы»./Әдеби мұра/.2008 жыл.
8. Ақмола облыстық музей қорындағы құжат. НТҚ 17262/3. Көкшетау қаласы.

*Мақала ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру бағдарламасы (2022-2024 жж.) бойынша АР14871057 "Солтүстік Қазақстандағы этносаралық қатынастардың өңірлік ерекшеліктері" ғылыми жобасы аясында дайындалды.*